



Құрметті студент!

2017 жылы «Қызмет көрсету - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

| Мамандық шифры | Мамандықтың атауы | Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті |
|----------------|-------------------|---|
| 5B090700 | «Кадастр» | 1. Геодезия 2. Жер ресурстарын басқару 3. Жер-кадастрлық жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау 4. Жерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу |

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Геодезия
 2. Жер ресурстарын басқару
 3. Жер-кадастрлық жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау
 4. Жерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу
2. Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Геодезия

1. Мына масштабтағы топографиялық карталарды топографиялық пландарға жатқызады:
 - A) 1:250000
 - B) 1:2000
 - C) 1:100000
 - D) 1:50000
 - E) 1:200000
 - F) 1:25000

2. Картада қолданылатын шартты белгілердің түрлері:
 - A) Масштабтан тыс
 - B) Аналитикалық
 - C) Жергілікті
 - D) Проекциялық
 - E) Аудандық
 - F) Көлденең

3. Топографиялық карталар мен пландарда жер бедерінің негізгі формалалары көрсетіледі:
 - A) Қазаншұңқыр
 - B) Орман
 - C) Электр желілері
 - D) Автокөлік жолдары
 - E) Таулар
 - F) Елді мекендер
 - G) Шабындық

4. Сандық масштабтың түрлері:
 - A) көлденең масштабты
 - B) өте майда масштабты
 - C) абсолютті масштабты
 - D) ұсақ масштабты
 - E) салыстырмалы

5. Аяқ - қол жетпейтін арақашықтықтарды өлшейтін аспаптар:
 - A) светодальномер
 - B) лазерлік рулетка
 - C) сым
 - D) буссоль
 - E) тахеометр

6. Жер бетіндегі нүктенің орны карта мен мен планда мыналармен анықталынады:

- A) абцисса, ордината
- B) бойлық, абисса
- C) полюстік бұрыш, арақашықтық
- D) ендік, бойлық
- E) бойлық, ордината
- F) биіктік, ендік

7. Дәл және жоғары дәлдікті теодолиттерге жатады:

- A) T1
- B) T60
- C) T30
- D) 2T5K
- E) T15K
- F) T15
- G) 2T2

8. Жергілікті жерде уақытша нүктелерді белгілейді:

- A) ағаш қазықпен
- B) оба тас ағашпен
- C) қалаған кірпішпен
- D) темір шыбықпен
- E) асбест құбырымен


9. Буссольға қойылатын талаптар:

- A) Қызыл бояумен боялған
- B) Тас жақсы тегістелген
- C) Магниттік тіл жақсы магниттелген болуы тиіс
- D) Штативпен жарақталған
- E) Брезент қаптама кигізілген
- F) Рейкаға байланған
- G) Планшет бағытталған

10. Трасса қисығының элементтері:

- A) Биіктік өсімшесі
- B) Дирекциондық элемент
- C) Масштаб
- D) Трасса бұрылу бұрышы
- E) Координаталар
- F) Координата өсімшесі

11. АВ бағытының дирекциондық бұрышы 210° . АВ створы бойынша С, D нүктелері бекітілген. Арақашықтықтар $AC=100$ м, $CD=60$ м, $DB=80$ м. Δu_{AC} , Δu_{CD} , Δu_{CB} координаталар өсімшелері мынаған тең:



- A) - 40 м
- B) -100 м
- C) - 50 м
- D) - 80 м
- E) 50 м

12. Трассадағы қисықтың негізгі нүктелері:

- A) Қисықтың басы
- B) Тангенстің соңы
- C) Қисықтың центрі
- D) Жанасу нүктесі
- E) Қисықтың ортасы
- F) Тангенстің басы
- G) Бұрылу бұрышы

13. Нивелирлеу жұмыстарының түрлері:

- A) Жергілікті жердің бетін нивелирлеу
- B) Бұрыштық өлшемдер
- C) Сызықтық өлшемдер
- D) Нүктелердің биіктігін анықтау
- E) Сызықтық үймереттерді трассалау

14. Дәл нивелирлер тобына жататындар:

- A) НА720
- B) Н - 05
- C) НВ10
- D) Н10Л
- E) Н 3

15. Шеңберлі қисықтың негізгі нүктелері:

- A) Бұрылыс бұрышы
- B) Қисық радиусы
- C) Тангенс
- D) Домер
- E) Қисықтың соңы
- F) Биссектриса

16. Теодолиттік жүрістерде ұзындықты өлшеуге қолданылатын таспа түрлері:

- A) шкалалы
- B) екі жақты
- C) күрделі
- D) материалды
- E) штрихты
- F) жай
- G) темірлі

17. Өлшем түрлері:

- A) Тең дәлдікті өлшемдер
- B) Абсолюттік өлшемдер
- C) Тең құқықты емес өлшемдер
- D) Топтық өлшемдер
- E) Тең дәлдікті емес өлшемдер

18. Өлшенген АВ сызығының арифметикалық орта мәнін және салыстырмалы қателігін анықта. Берілгені: тура өлшемі – 120,20 м, $m = \pm 0,05$ және кері өлшемі 119,80 м, $m = \pm 0,04$:

- A) 120.10
- B) 1/2985
- C) 1/2995
- D) 1/2404
- E) 120.05
- F) 1/2450
- G) 120.0

19. Екі өлшем арасындағы байланысты тудыратын себептер:

- A) Бір аспаппен
- B) Шектеушілік өлшем шарттары
- C) Бір әдістеме
- D) Қателіктердің жалпы көздері
- E) Бір уақыттағы өлшемдер
- F) Бірдей жағдайларда
- G) Қиыспаушылықтардың шеттік мәндері

20. Теңдәлдікті өлшеулердің қателіктері мына қасиеттерге ие:

- A) кездейсоқ қателіктер бірқалыптыдан өзгешеленбейді
- B) абсолютті шама жағынан белгілі бір шектен аспайды
- C) кездейсоқ шамалар бірқалыпта әсер етеді
- D) өлшемдердің нәтижелеріне біраз шектеулер қойылған
- E) өлшемдердің біраз қателік көздері бірдей болады
- F) қатарда оң және теріс шамалар бірдей кездеседі
- G) абсолютті шамасы үлкейген сайын, қателіктер қатарда аз кездеседі

21. 2 разрядты толықтыру торының негізгі сипаттамалары (триангуляция):

- A) $S \leq 5$ км
- B) $f_{\beta_{don}} = 40''$
- C) $m_{\beta} = 5''$
- D) $S \leq 10$ км
- E) $m_{\beta} = 10''$

22. 1, 2 және 3 классты полигонометриядағы бұрыштарды өлшеудің орташа квадраттық қателіктері:

- A) 1,5"
- B) 2,5"
- C) 3,5"
- D) 2,0"
- E) 1,0"
- F) 0,4"
- G) 4,0"
- H) 3,0"

23. 1, 2, 3 классты триангуляцияда бұрыштарды өлшеудің орташа квадраттық қателіктері мынаған тең:

- A) 0,7"
- B) 1,5"
- C) 3,0"
- D) 4,0"
- E) 5,0"
- F) 6,0"
- G) 2,0"
- H) 1,0"

24. 1, 2, 3 классты триангуляциялық торлардағы қабырға ұзындықтары:

- A) 1-2 км
- B) 3-4 км
- C) 0,5-1 км
- D) 7-20 км
- E) 5-8 км
- F) 20 км және одан жоғары
- G) 1-5 км
- H) 0,5-3 км

25. 1, 2 және 3 классты полигонометриядағы сызықтарды өлшеудің салыстырмалы орташа квадраттық қателіктері:

- A) 1:400 000
- B) 1:200 000
- C) 1:50 000
- D) 1:40 000
- E) 1:500 000
- F) 1:100 000
- G) 1:25 000
- H) 1:1 000 000

**Геодезия
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Жер ресурстарын басқару

1. Жердің өндірістің басқа құралдарынан айырмашылығы:

- A) беріктігі
- B) кеңістігі шектелген
- C) басқа жерге көшірілмейді
- D) құндылығы
- E) топырақ құнарлығы
- F) материалдығы

2. Саяси-экономикалық мағынада жер - бұл:

- A) өндіріс құралы
- B) адамның орналасу орыны
- C) өндірістің даму орыны
- D) кәсіпорын орналасатын орын
- E) адамның тіршілік орыны
- F) өндірістің сипаты

3. Жер ресурстарын басқаруда пайдаланылатын іс-шаралар:

- A) кадастрлық бағалау
- B) сараптамалық-экологиялық
- C) мемлекеттік құқықтық
- D) мемлекеттік ұйымдастырушылық
- E) табиғи-сараптамалық
- F) мемлекеттің жоспарлы – экономикалық іс-шаралары
- G) құқықтық-жобалық
- H) жобалық-ізденістік

4. Жер ресурстарын басқарудың мақсаты:

- A) жердің сандық және сапалық мінездемесін айқындау
- B) жердің қасиеттерін пайдалану негізінде қанағаттандырылатын қоғам қажеттіліктерін қамтамасыз ету
- C) ҚР жер қорының бүкіл жерлерін қорғаудың және пайдаланудың жоғары тиімділігін қамтамасыз ету
- D) жерді жеке тұлғаларға сату
- E) жерді заңды тұлғаларға сату
- F) жерді ұтымды, тиімді пайдалану және қорғау
- G) жер учаскесінің санағын жүргізу
- H) Қазақстан Республикасының егемендігі белгілінетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы

5. Жер ресурстарын басқару жүйесіндегі мемлекеттік жер кадастрының ролі мен орны:

- A) басқа шараларды жүзеге асыру мақсатында қызмет етеді
- B) ол жердің құқықтық және табиғи жағдайы қажет жиындықтан тұрады
- C) жер тіркеу кадастры
- D) түскен табысты пайдалану
- E) жерді тиімсіз пайдалану
- F) жер заңнамасы мен нормативтік базасын жетілдіру, жер қатынастарын реттеу
- G) жер ресурстарын басқарудың әлеуметтік-экономикалық, экологиялық жүйесінде өндірісті еңбекті ұйымдастыру

6. Жерге орналастыру түсінігі:

- A) Жерді реттеу
- B) Жер қатынастарын ұйымдастыру
- C) ҚР жер заңдарын сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесі
- D) ҚР жершараларын сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесі
- E) ҚР жер заңдарын сақтамауын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесі
- F) Жерді ұтымды пайдалану және қорғауға бағытталған шаралар жүйесі

7. Қалыптасқан жер қатынастарының өзгерісіне әсер ететін факторлар:

- A) барлық жерді тегін пайдалану
- B) шаруашылық жүргізу үшін жерлерді бекіту
- C) жер ресурстарын басқарудың құқықтық және экономикалық әдістеріне көшу
- D) шаруашылық жүргізу үшін жерлерді ұсыну
- E) экономиканың дамуының көп салалығы
- F) жер телімдерін пайдалану құқығы үшін құжаттарды рәсімдеу
- G) арнайы жер қорын құру
- H) меншіктің көп түрлілігін енгізу

8. Дүние жүзі бойынша барлық елдердегі жер кадастрының мазмұны:

- A) жер ресурстарын пайдалануын және жағдайын бағалау
- B) жер пайдалану
- C) инженерлік қызмет
- D) ұдайы жақсарту
- E) есепке алу
- F) иелену
- G) жалға беру
- H) сатып-алу және сату

9. Жер қатынастарын экономикалық реттеуге кіреді:

- A) салық
- B) бақылау
- C) санкциялар
- D) айыппұлдар
- E) қаулылар
- F) нұсқаулар

10. Жер қатынастарын реттеу мен жер ресурстарын басқару төңірегіндегі нормалардың топтары:

- A) тікелей жерді бағалау
- B) тікелей жер қатынастарын басқару
- C) тікелей жер қатынастарын реттеу
- D) топырақты бонитеттеу
- E) тікелей жер ресурстарын басқару

11. Жер құқығын реттеу бойынша заңнамалық құжаттардың қайнар көздері:

- A) Жер мәселелері бойынша хаттамалар жинағы
- B) Жердің географиялық картасы
- C) Қазақстан Республикасының Заңдары, соның ішінде 2003 жылы 20 маусымда қабылданған Қазақстан Республикасының Жер кодексі
- D) Жер мәселелері бойынша ұсыныс хаттар жинағы
- E) Жер мәселелері бойынша іс-шаралар жинағы
- F) ҚР Президентінің Нормативтік Жарлықтары
- G) Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы

12. Жер учаскесіне меншік құқығының туындауы:

- A) Жердің кадастрлық құны
- B) Жерге меншік құқығын іске асыру негізінде
- C) Жерлерді ұйымдастыру негізінде
- D) Азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде
- E) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде
- F) Жерлерді есепке алу негізінде
- G) Жерлерді тіркеу негізінде

13. Жеке меншікке берілетін елді мекендегі жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкалары екі есеге арттырылатын аймақтар :

- A) облыс орталықтарының маңындағы аймақ
- B) елді мекен жерлері
- C) емдеу аймағы
- D) сауықтыру аймақтары
- E) астана қаласының, республикалық маңызы бар қалалар маңындағы аймақ
- F) курортты аймақ

14. ҚР заңнамасы бойынша жер үшін төлемнің түрлері:

- A) жердің нормативтік бағасы
- B) сапалық бағасы
- C) тіркеу құны
- D) жалға беру төлемі
- E) табиғи құндылық ставкасы
- F) есепке алу құны
- G) жер салығы

15. Жерге орналастырудың түрлері:

- A) инвестициялық жобалаудағы жерге орналастыру
- B) экономикалық-техникалық жобалау
- C) учаскелік жерге орналастыру
- D) жерге орналастырудағы жобалау
- E) аймақтық жерге орналастыру

16. Басқару жүйесінің тиімділігін бағалау көрсеткіштері:

- A) Жер ресурстарын басқару процесінің маңызы
- B) МЖК ААЖ аудан орталықтарын әдістемелік, бағдарламалық және материалдық-техникалық қамтулар
- C) Басқарудың барлық деңгейлері бойынша ақпараттың өте қысқа уақытта өтуі
- D) Орта мерзімді және болашақтық жоспарлау
- E) Жер есептік және мәліметтерді рәсімдеу

17. Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі типтік программа-техникалық кешен құрылғыларының құрамы:

- A) ақпаратты енгізу құрылғылары (сканерлер, дигитайзерлер)
- B) құжаттарды көбейту құралдары
- C) МЖК ААЖ аудан орталықтарын әдістемелік, бағдарламалық және материалдық-техникалық қамтулар
- D) жер құрамының өзгерістері
- E) коммуникация және байланыс құралдары (модемдер, факсмодемдер, теле станциялары)
- F) басқарудың барлық деңгейлері бойынша ақпараттың өте қысқа уақытта өтуі
- G) жер есептік және мәліметтерді рәсімдеу

18. Салық салынбайтын жерлер:

- A) елді мекен жерлері
- B) ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлер
- C) ауылдық жерлер
- D) орман қорындағы жерлер
- E) су қорындағы жерлер
- F) қордағы жерлер

19. Жер қорын зерттеу кезінде жүргізілетін шаралар:

- A) қорғау
- B) жер үсті геодезиялық зерттеу
- C) игеру
- D) аэрофотогеодезиялық зерттеу
- E) ғарыштық зерттеу

20. Басқарудың негізгі принциптері:

- A) жүйелілік және кешенділік, уақытты үнемдеу, кері байланыс
- B) ғылымилық, пропорционалдылық, өкілеттікті табыстау
- C) іздестірушілік және зерттеушілік
- D) байланыстылық, зерттеушілік
- E) жүйелілік, іздестірушілік

21. ҚР жер қатынастарындағы Орталық уәкілетті органның құзыреті:

- A) жерге орналастыру бойынша әдістемелік нұсқауларды сараптау
- B) қаулы шығару
- C) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын шығару
- D) жерге орналастыру, мемлекеттік жер кадастры және жер мониторингі жөніндегі нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды, әдістемелерді әзірлеу және бекіту
- E) мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізудің дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру

22. Жер мониторингі бойынша жұмыстар бағыты:

- A) ақпараттық -техникалық
- B) ғылыми-әдістемелік
- C) болжамдау
- D) зерттеу
- E) жобалау
- F) маркетингтік
- G) анықтамалық
- H) қолданбалы - әдістемелік

23. Басқару жүйесінің тиімділігін бағалау көрсеткіштері:

- A) ұйымдастыру құрылымының тиімділігі
- B) уақытылы ақпарат
- C) қазіргі технология
- D) жер ресурстарын басқару үрдісінің мазмұны
- E) ұзақ мерзімді жобалар
- F) қызметтің орташа нәтижесі
- G) жер пайдаланушының қызығушылығы

24. Жер ресурстарын басқару тиімділігін қарастыратын деңгейлер:

- A) болжау деңгейінде – шаруашылық есептегі (коммерциялық) тиімділік
- B) нақты жер иелену, жер пайдалану деңгейінде – шаруашылық есептегі (коммерциялық) тиімділік
- C) өңір (облыс, аудан) деңгейінде – өңірлік тиімділік
- D) ластану дәрежесі
- E) жетілдіру дәрежесі
- F) өзара қатынас дәрежесі
- G) бақылаудың аймағы

25. Жер учаскелерін мемлекетке қайтарып алынатын жағдайлар байланысты:

- A) ауа-райының өзгеруіне
- B) жер айналымының нашарлауына
- C) гумустың азаюына
- D) аграрлық өндірістің қысқаруына
- E) мемлекеттік мұқтаждық үшін
- F) жерді иеленуге
- G) мақсатына сай пайдалануға
- H) мақсаты сай пайдаланбауға

**Жер ресурстарын басқару
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Жер-кадастрлық жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастрын жоспарлау мен жүргізу ережесінің мәні:
 - A) Су ресурстарын пайдаланумен иеленуді рәсімдеу
 - B) Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін оқып білу
 - C) Бүлінген жерді айықтау
 - D) Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, жерді сандық және сапалық есепке алу мен жерді бағалау тәртібін белгілейді
 - E) Мемлекеттік құжаттарды оқып білу
 - F) Су иелену тәртібін белгілейді
 - G) Кадастр ақпаратын пайдалану тәртібін белгілейді

2. Объективті және жан-жақты кадастр жұмыстарын ұйымдастыру деңгейін сипаттайтын принциптері:
 - A) Қадастрлық мәліметтердің толықтығы
 - B) Жер кадастрының жүйесінің үздіксізділігі
 - C) Жер кадастрының тиімділігі
 - D) Бірізділік
 - E) Санақтық
 - F) Жиілік

3. Қазақстан Республикасындағы жер кадастрының құрамдас бөліктері:
 - A) Мәліметтерді өңдеу
 - B) Құқықтық зерттеу
 - C) Топырақты бонитеттеу және жерлерді бағалау
 - D) Жерлердің мәліметін жинау
 - E) Сапасы туралы мәліметтер

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережесінің мәні:

- A) жылжымайтын мүлікті бағалау мен келісім жүргізу жұмысын қарастыру
- B) жер қатынастарын реттеуде ұтымсыз пайдаланудың алдын алу шараларын ұйымдастыру
- C) жерге орналастыру мәліметтерін алу және өңдеуде салық комитетінің көмегіне жүгіну
- D) мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін беру және кадастр ақпаратын пайдалану тәртібін белгілеу
- E) мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, жерді сандық және сапалық есепке алу мен жерді бағалау тәртібін белгілеу
- F) жерге орналастыру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізуді қадағалау
- G) жер учаскелерін экономикалық бағалау жұмыстарын жүргізу
- H) тіркеу мақсаты үшін жер учаскелерін есепке алу тәртібін белгілеу

5. «ЖерҒӨО» РМК құрылымы:

- A) Республикалық мемлекеттік кәсіпорны
- B) Облыстық жер қатынастары басқармасы
- C) Еліміздің барлық аудандық (қалалық) орталықтарында 189 жер кадастры бөлімшелері
- D) ҚР Үкіметі
- E) Аудандық жер қатынастары бөлімдері
- F) Астана қаласында ғылыми-өндірістік орталығы және Алматы қаласында «ЖерҒӨО» РМК Алматы аумақтық филиалы
- G) Ақтөбе қаласында ғылыми-өндірістік орталығы және Орал қаласында «ЖерҒӨО» РМК Атырау аумақтық филиалы
- H) Республикалық маңыздағы барлық облыстар мен қалаларда 19 филиалы

6. Жер кадастрлық жұмыстарын жоспарлау мен болжау, қолданылу аясына байланысты болатын түрлері:

- A) комплекстік немесе халықшаруашылық
- B) бөліктік
- C) шетелдік
- D) монополиялық
- E) мемлекеттік

7. Жер кадастрлық жұмыстарының Болжаудың негізгі принциптері:

- A) саналылық және белсенділік
- B) жоспарлық есептің ғылыми негізделуі
- C) беріктік
- D) жерді ұтымды пайдалану үшін болжам жасау
- E) жоспарлық есептің ғылыми дәлдігі

8. Жер кадастры бойынша кәсіпорындарға қаржылық жоспарлаудағы белгілі әдістерді белгілеңіз:

- A) Деңгейлік
- B) Нормативтік
- C) Жобалық
- D) Бөлу әдісі
- E) Құқықтық
- F) Экономикалық талдау

9. Жер қатынастарын мемлекеттік реттеудегі негізгі арнайы органдары:

- A) Экологиялық қауіпсіздік мекемелері
- B) Ауыл шаруашылығы министрлігі
- C) Жер қатынастарының басқармалары
- D) Сот мекемелері
- E) Орман шаруашылығы комитеті
- F) Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті
- G) Жер қатынастары жөніндегі атқарушы орган

10. Жерді қорғау мен пайдалану бойынша қызметтері:

- A) Заңдарға сәйкес таныстыру
- B) Агенттіктің құрылымы мен штаттық кестесін бекіту
- C) Агенттікті мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда заңдарға сәйкес таныстыру
- D) Жер заңының бұзу үшін жауапкершілікке тарту
- E) Жерді қорғау мен пайдалануды мемлекеттік бақылау
- F) Жер заңдылығын бұзуды анықтау

11. Жер ресурстарын басқару Комитетінің төрағасының өкілетті:

- A) Комитетін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда заңдарға сәйкес таныстыру
- B) Орынбасарларының және Комитетінің құрылымдық бөлімшелері жекетшілерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілеу
- C) Республика аумағының географиялық ақпараттық жүйесін құру
- D) Жер ресурстарын бақылау жөніндегі халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының ынтасын білдіру
- E) Пайдаланылмай жатқан жер мен заңдарды бұза отырып пайдаланылып жүрген жерді анықтау
- F) Жерге құқықты куәлайтын құжаттарды дайындау
- G) Жер ресурстарын пайдалану жөніндегі жинақтар мен басқа да материалдар шығару

12. Жер ресурстарын дамытудың құқықтық қамтамасыз ету:

- A) жалға алушылардың жалға алу төлемақысын төлеуін бақылау
- B) реформа бойынша жұмыстарға тапсырыс беру
- C) жерге және өзге де жылжымайтын мүлікке меншік қатынастарын реттейтін заңның дамыту
- D) жерді тиімді басқарудың құқықтық тетігін құруды, нарықтық инфрақұрылым құруды қарастыратын заң актілерін қабылдау
- E) жер заңың жетілдіру

13. Еңбек нормасы түрлері:

- A) журнал
- B) уақыт
- C) сызба
- D) жұмысты игеру
- E) ақы төлеу

14. Жұмыс уақытының өлшенуі:

- A) аудан
- B) ұзындығы
- C) шаршы метр
- D) минут
- E) күн
- F) метр

15. Орындалу мазмұнына және сипатына қарай жерге орналастыру жұмыстарына тиісті уақыт норма бөлшектері:

- A) жоспарлау және тексеру
- B) сараптау
- C) бақылау және тексеру
- D) эколого-экономикалық
- E) жобалау
- F) топографиялық-геодезиялық

16. ЖАЖ жұмыс жасайтын базалар:

- A) сапалық
- B) атрибутты
- C) сандық
- D) графикалық және атрибутты
- E) кейінгі
- F) бастапқы
- G) кезекті
- H) графикалық

17. Жер учаскелері бойынша мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізуде міндетті ақпарат тізбесі:

- A) жер бедерінің сипаттамасы, гидрологиясы
- B) учаскенің орналасқан жері
- C) жылжымайтын мүлік нөмірі
- D) жер учаскесінің кадастрлық нөмірі
- E) физикалық-географиялық жағдайы
- F) жер учаскесінің алаңы
- G) учаскесінің саны
- H) жер учаскесінің нормативтік нөмірі

18. Аптасына 36 сағаттан аспайтын қысқартылған ұзақтығы белгіленген жұмыс уақытын жасайтын қызметкерлер:

- A) еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды)
- B) жеңіл жұмыстар
- C) ауыр жұмыстар
- D) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлер үшін
- E) қызметкерлерге ұнаған жағдайда

19. Еңбек шартының мазмұны:

- A) жұмыстың бағыты
- B) тараптардың деректемелері
- C) жер учаскесінің орналасқан орны орны
- D) қызметтің сапасы
- E) мақсатты деректемелер
- F) жұмыстың орындалатын орны
- G) белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысы

20. Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін ұйымдастыру құрылымы

- A) әділет министрлігі
- B) мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің облыс орталығы
- C) жер қатынастары басқармасының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің ауылдық орталығы
- D) аудандық маңызы бар қалалар әкімшілі
- E) ЖерМемҒӨО-ның облысқа қарасты кәсіпорындардың аудандық жер кадастрлық бюросы

21. Еңбек ресурстары жүйесін реттеу қажеттілігі келесілерден тұрады:

- A) елдің қорғаныс қабілеттілігін қамтамасыз ету
- B) экономикалық жүйе модельдері
- C) игіліктер мен қызметтерді өндіру үдерісін жүзеге асыру
- D) қоршаған ортаға еңбек ресурстары жағымсыз әсер етуін төмендету және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- E) жағдайдың жағымсыз әсерін шектеу
- F) нарықта ерекше сипатта қызмет ету

22. Тәжірбие жүзінде қаржылық жоспарлауда қолданылатын әдістер:

- A) баланс есептеу
- B) тауарларды өндіру және қызметтер
- C) кадрлық және еңбек
- D) ғылыми
- E) логистика
- F) ғылыми және ғылыми-технологиялық

23. Еңбекке қабілетті халық жасы:

- A) әйелдер 16-58
- B) I-II топтағы мүгедектер
- C) еңбекке қабілетті жастағы жұмыс істемейтіндер
- D) зейнетақы алатын тұлғалар
- E) денсаулық проблемасына шалдыққандар
- F) еңбекке қабілеттілігі жоқтар

24. Ақпаратты өкілеттіктердің бөліну түрлері:

- A) Қызмет көрсетуші
- B) Ұйымдастырушы
- C) Жеке ақпарат
- D) Үйлестіруші
- E) Жұмыс беруші
- F) Кеңес беруші

25. Құзыреттің атқаратын функциясы:

- A) Ол өзінің функциясын сол қызмет шеңберінде іске асыру
- B) Мәселелерді өз бетінше шешу
- C) Мақсаттардың орындалуын қадағалау
- D) Басқару жүйесін ұйымдастыру
- E) Тиісті құқыққа ие болу
- F) Ұйымды ынталандыру
- G) Шешімдер қабылдау

**Жер-кадастрлық жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Жерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу

1. Жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеуге жатады:

- A) жердің нарықтық құны
- B) №22 форманың жұмыс ведомосі
- C) басқа да құқықтар
- D) халық саны
- E) жердің кадастрлық құны
- F) жер балансы

2. Жерлерді бастапқы (негізгі) есепке алудағы мәліметтер

- A) жерлердің бөлінуі мен пайдаланылуы
- B) жерлердің мақсаты
- C) халық саны
- D) жерлердің сипаттамасы
- E) өсімдік құрамы мен түрлері

3. Құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттар

- A) жерді аймақтау схемасы
- B) базалық ставкаларға түзету коэффициенті
- C) кадастрлық карта
- D) жылжымайтын мүлік нысанына құқық орнатушы құжат
- E) бекітілген үлгідегі мемлекеттік тіркеу туралы өтініш
- F) қаланың схемасы
- G) жеке куәлік

4. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу кезіндегі ізденістер мен зерттеулер түрлері

- A) топографиялық-геодезиялық, картографиялық
- B) медициналық-биологиялық
- C) гляциологиялық
- D) геопалеогеографиялық
- E) агрохимиялық
- F) геоботаникалық
- G) палеогеографиялық
- H) медициналық

5. Жерлерді есепке алуда жан-жақты жинақталатын, жүйеленетін және талданатын мәліметтер

- A) әлеуметтік нысандардың саны
- B) жауын-шашын мөлшері
- C) мал басы саны
- D) жердің сапасы
- E) халық саны
- F) меншік құқығы мен жер пайдалану құқықтары
- G) жер учаскелерінің саны
- H) инфрақұрылымның дамуы

6. Жер кадастрының деректерінің жүйелендірілу бағыты

- A) өсімдік шаруашылығын дамыту тұрғысынан
- B) халық саны
- C) жерге меншік түрлері бойынша
- D) жауын-шашын саны
- E) мал шаруашылығын дамыту тұрғысынан
- F) жер санаттары бойынша
- G) жануарлар түрі

7. Мемлекеттік жер кадастрының деректерін сақтау және есепке алу бірлігі

- A) қала
- B) елді мекендер
- C) ұжымдық кәсіпорын
- D) жер учаскесі
- E) ауыл
- F) тұрғын үй

8. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу бойынша қызмет түрлері

- A) ауыл шаруашылық өнімдерінің ауқымымен айқындау
- B) жер теліміне сәйкестендіру құжаттарын жасау
- C) ауылдық жерлерді әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарының болуы
- D) халықтың еңбекке жарамдылығы туралы ақпараттың болуы
- E) кадастрлық карталар дайындау және жүргізу
- F) ауылдық жерлердің әлеуметтік дамуы
- G) жер-кадастрлық ісін дайындау

9. Мемлекеттік жер кадастры:

- A) жануар мен мал саны туралы деректер базасын қалыптастырады
- B) жер учаскелеріне құқықтарын есепке алуды жүргізеді
- C) жер-кадастрлық объектілерді қалыптастырады
- D) халық санының есебін жүргізеді
- E) өзендер санының есебін жүргізеді
- F) өсімдік шаруашылығы жалпы өнімі туралы деректер базасын қалыптастырады

10. Мемлекеттік жер кадастры қамтамасыз етеді:

- A) әкімшілік және аумақтық тұтастығын
- B) жерді есепке алуды және тіркеуді
- C) жауын-шашын мөлшері туралы ақпаратты
- D) атмосферадағы қоқыстар туралы ақпаратты
- E) туу көрсеткіші туралы ақпаратты
- F) еңбекке жарамды халықтың саны туралы ақпаратты жинауды
- G) өсімдік шаруашылығын жүргізуді

11. Ауданда (қалада) жерді есепке алудың көрсеткіштері

- A) су объектілердің саны
- B) орман түрлері
- C) жауын-шашынның саны
- D) жер алаптар бойынша бөлінуі
- E) өсімдіктер түрлері
- F) халық саны

12. Аумақты кадастрлық бөлінуінің негізгі міндеттері:

- A) климаттық аймақтарды анықтау
- B) кадастрлық кварталдардың шекараларын қалыптастыру
- C) автомобиль жолдары тармақтарын анықтау
- D) аумақты иерархиялық кадастрлық бөліктерге бөлу
- E) ауылдық округ елді мекеннің халық санын анықтау

13. Зерттеулердің түрлері

- A) топырақтық
- B) жанама
- C) орташа
- D) таңдамалы
- E) күн

14. Жер телімімен өз бетінше айналысу – бұл:

- A) жер учаскесінде рұқсатсыз үйлер салу
- B) жер телімінің меншік иесінің билік ету құқығы
- C) жер телімінің меншік иесі немесе жер игерушінің рұқсатынсыз бөтен жер телімімен айналысу
- D) жер телімін сыйға тарту құқығы
- E) жергілікті атқарушы органның немесе ҚР Үкіметінің шешіміне сәйкес келмейтін, жерді пайдалануға берілмеген жер телімімен айналысу
- F) меншік иесі жер учаскесін пайдалану құқығы
- G) тұрақты жер пайдалану құқығы

15. Жерлердің сапасын есепке алуда ескеретін физико-химиялық қасиеттер

- A) ұсақ тастылығы
- B) көлдердің болуы
- C) тастылығы
- D) бөлінбеушілігі
- E) өзендердің болуы

16. Ауданда есептегі кварталдар ретінде болуы мүмкін:

- A) а/ш кәсіпорын
- B) республика
- C) желілік объектілер (жолдар т.с.с.)
- D) алқаптар сапасы
- E) жайылым көлемі
- F) республикалық маңызы бар қала
- G) бау-бақша қоғам

17. Жерлерді уақытша пайдалануға берілетін ауыл шаруашылық кәсіпорындар

- A) босалқы жерлерге
- B) ерекше қорғалатын табиғат аумақтары жерінде жер пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлғаларға
- C) су қоры жерлеріне
- D) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
- E) акционерлік қоғамдар
- F) шаруа (фермер) қожалығы

18. Испанияда кадастр ұғымының мәні

- A) елді мекендердің саны
- B) экономикалық және заңды ақпараттар
- C) жерді пайдалану түрі
- D) жер учаскелерінің ауданы мен шекарасы туралы деректердің жиынтығы
- E) геологиялық ақпараттар
- F) гидрологиялық ақпараттар

19. Жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйелері:
- A) тек қана шетелде қолданылады
 - B) гео-ақпараттық жүйелерін (ГАЗ) -технологияларын пайдалану негізінде жүргізіледі
 - C) мамандандырылған бағдарламалық-техникалық кешендердің базасында құрылады
 - D) шындығын көрсетпейді
 - E) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді
 - F) Қазақстанда қолданылмайды
20. Жер пайдалану мен иеленуді тіркеу алдында заңды рәсімдеулер
- A) өсімдіктер санын есептеу
 - B) орман ресурстарының сапасын анықтау
 - C) халық санын анықтау
 - D) жергілікті жерде учаскелердің белгіленген шекарасын бекіту
 - E) су ресурстарының сапасын анықтау
 - F) босалқы жерлерге ауысу
 - G) тиісті жоспарларды құру
21. Данияда жер тізілімі құрайды:
- A) су ресурстарының сапасы
 - B) жер учаскелерінің кепілдемелер
 - C) өнімнің құны
 - D) жерді пайдалану құқығы туралы ақпарат
 - E) жер учаскелер туралы заңды ақпарат
22. Жапониядағы кадастрлық жұмыстардың ерекшеліктері
- A) Жерге орналастыру
 - B) Ауаның ластануына жол бермеу
 - C) Ұлттық жер агенттіктері оларды қаражаттандырады
 - D) Жергілікті басқару органдары жұмыс орындаушы ретінде болып табылады, геодезиялық негіздеуді географиялық түсірілімдер институты жасайды (GIS)
 - E) Ұлттық жер түсірілімдері туралы заңмен сәйкес жүргізіледі
23. Калифорния штатының кадастрлық көп мақсатты ақпараттық жүйесінің мақсаты
- A) жерді игеруге тұрақтылығын құру үшін деректер базасын қалыптастыру
 - B) жер айырмашылығының негізін қалау
 - C) деректер базасын қалыптастыру
 - D) су ресурстарының бағасын қалыптастыру
 - E) қаланың жоспарын құру
 - F) климатты сипаттау
 - G) парцелланы сипаттау

24. Францияның мемлекеттік жер кадастрының кадастрлық ақпараты

- A) карта
- B) кадастрлық матрица
- C) жерді пайдалану жоспары
- D) кітап
- E) жер учаскелері туралы деректер базасы

25. Франциядағы жерге меншік құқығының формалары

- A) қорықтық
- B) жеке
- C) қауымдық
- D) шартты
- E) сенімді

**Жерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**